

## Ителгілерді шектеулі түрде алу және жек дуадақтар аулауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 қыркүйек N 1414а

"Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 P000969\_ қаулысына сәйкес және "Ителгі мен жек дуадақты табиғаттан алуға квоталар туралы биологиялық негіздемеге" 2000 жылғы 16 қыркүйектегі N 2/2527 мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2000 жылдың 20 қыркүйегінен 31 қазанына дейін:

1) Сауд Арабиясы Корольдігі Премьер-Министрінің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор, ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудқа (Сауд Арабиясы Корольдігі) Алматы және Жамбыл облыстарында 10 ителгіні (балапан құстарды) аулауға және республикадан тысқары әкетуге; <\*>

2) өздерінің сұңқарларымен: Шейх Мұхаммед Бин Заидқа (БАӘ) - Алматы және Жамбыл облыстарында 100 жек дуадақты;

Шейх Сурур Бин Мұхаммедке (БАӘ) - Оңтүстік Қазақстан облысында 100 жек дуадақты;

Шейх Халед Бин Хамад Әл Таниге (Катар) - Маңғыстау облысында 100 жек дуадақты аулауға рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.23. N 1583 қаулысымен. P001583\_

2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі:

1) белгіленген тәртіппен 1-тармақта көрсетілген адамдарға ителгілерді аулауына және оларды жек дуадақтарға салуына рұқсат берсін;

2) аулау және сұңқар салу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зоология институтымен бірлесіп, көрсетілген Ереженің 8-тармағында көзделген қызметтердің оларды табиғаттан алуды жүзеге асыратын шетелдік азаматтармен шарт негізінде көрсетілуін

және ителгілер мен жек дуадақтардың өсімін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп аңшылық және құс салу жүргізілетін жерлерде жоғары мәртебелі қонақтар мен олардың қызметкерлері топтарын күзетуді және бірге еріп жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасындағы СИТЕС-тің әкімшілік органы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп сұңқар салуды жүргізу үшін жыртқыш қыран құстарды елге әкелу мен одан әкетуді Жойылу қаупі төнген жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып, жүзеге асырсын.

6. Алматы, Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері іс-шараларды ұйымдастыруда шетелдік қонақтарға жан-жақты көмек көрсетсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.